

Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтының (ҚМЭБИ) қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 20 наурыз N 1605

ҚМЭБИ-дің қызметін жетілдіру, оқытудың тиімді шетелдік әдістемесін енгізу, ғылыми-зерттеу қызметі мен халықаралық академиялық ынтымақтастығын дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. Байқаушылар Кеңесі ғылым, саясат, өнеркәсіп пен қаржы салаларының беделі биік өкілдерінен тұратын Қамқоршылар Кеңесі болып қайта аталсын. Қамқоршылар Кеңесінің құрамына шет мемлекеттердің азаматтарының да тағайындалуы мүмкін. <*>

Қамқоршылар Кеңесі:

институттың Жарғысын бекітеді және оған өзгерістер енгізеді;
институттың академиялық бағдарламалары мен жобаларын бекітеді;
институттың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру мен бақылауды жүзеге асырады;
академиялық және әкімшілік тағайындауларды бекітеді;
басқару құрылымын белгілейді және оған өзгерістер енгізеді;
институт Жарғысында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру жөнінде шаралар қолданады деп белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚР Президентінің 1996.05.23. N 2998 жарлығымен. U962998_

Ескерту. 1-тармақтан сөздер мен Кеңес құрамы алынып тасталды - ҚР Президентінің 1996.06.19. N 3041 жарлығымен.

2. Атқарушы Директор лауазымы бойынша Қамқоршылар Кеңесінің мүшесі болып табылады және өз қызметінде оған есеп беріп отырады.

Атқарушы Директор:

- институт Жарғысы қағидаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- институтқа жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның ішінде шетелдің профессор-оқытушы құрамын қатыстыра отырып, ғылыми-зерттеу қызметіне тікелей басшылық етеді;
- Ғылыми Кеңеспен бірлесіп, әлемнің озық мектептерінің принциптеріне негізделген академиялық процесті ұйымдастырады;
- жыл сайын есеп беріп отырады, сондай-ақ Қамқоршылар Кеңесінің талап етуімен кез-келген ақпаратты береді;
- академиялық және әкімшілік этика нормаларын іске асырады;

- институт мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- профессор-оқытушы құрамын қызметке қабылдау мен босатуды жүзеге асырады және мұны Қамқоршылар Кеңесінің бекітуіне енгізеді;
- Қазақстан Республикасының мүддесі үшін институтқа басшылықты жүзеге асырады деп белгіленсін.

Атқарушы Директор институт жұмысының тиімділігі үшін Қамқоршылар Кеңесінің алдында жауап береді.

3. 1994-1996 жылдар ішінде шет елдің танымал ғылым мен білім қайраткерлерінің ішінен Атқарушы Директордың қызмет орнына конкурс жариялансын.

4. Магистр ғылым дәрежесі бар мамандар даярлау мақсатында мынадай бөлімдер құрылсын:

Мемлекеттік басқару бөлімшесі

Іскерлік басқару бөлімшесі

Экономика бөлімшесі.

Аталған бөлімшелерде оқыту әлемнің жетекші мектептерінің бағдарламалары тәріздес академиялық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылсын. Бұл ретте ағылшын тілі менгеру оқу процесінің бір мақсаты ретінде қаралсын.

5. ҚМЭБИ-дің құрамында Іскерлік ақпарат, нарықты зерттеу және менеджментті дамыту орталығын; Алматыда және жергілікті жерлерде ҚМЭБИ-дің профессор-оқытушы құрамының күшімен ұйымдастырылатын мемлекеттік, шаруашылық органдардың, өнеркәсіп, қаржы ұйымдарының және жеке кәсіпорындардың басшыларына арналған Менеджмент бойынша қысқа мерзімде курстар ұйымдастыру жөніндегі жобалар мақұлданын.

6. 1994 жылғы 1 сәуірге дейін ҚМЭБИ-дің құрамында шаруашылық негізде Шетелдік Тәржіме Агенттігі (ШТА) құрылсын. ҚМЭБИ-дің шет тілдері оқытушыларына осы аталған Агенттікте шарттық негізде қатар жұмыс істеуге рұқсат етілсін. Шетелдердің мамандандырылған ұйымдарының қатысуымен сертификаттаудан өткеннен кейін ШТА-ға Министрлер Кабинетімен, министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен және басқа ұйымдармен шарт бойынша ресми тәржімелерді жүзеге асыру құқығы берілсін.

7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі 1994 жылғы 1 сәуірге дейін институтқа халықаралық ақпарат желілерімен факсимилелік және компьютерлік байланысты қамтамасыз ету мақсатында халықаралық байланыс арналарын беретін болсын. Байланыс министрлігі ҚМЭБИ-мен тиісті есеп айырысуларды ұлттық валютамен жүргізісін.

8. Институттың Ғылыми Кеңесі жыл сайын Қамқоршылар Кеңесінің

бекітуіне ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жоспарын ұсынып отыратын

болсын.

9. Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 1 сәуірге дейін институтқа бюджет пен валюта қаражатын бөлуге, профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы, тыңдаушыларға стипендиялар төлеуді ретке келтіруге, баспагерлік қызмет құқығын беруге, көлік пен медициналық қызмет көрсетуге байланысты мәселелерді қарайтын болсын.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 14 қаңтардағы N 580 Қаулысының 2,3 тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

11. Осы Қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті